

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақмола облысы

№1050

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Алибаев Сержан Тулеметович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП "ДАРИ", талон негізінде әрекет ететін Басшысы Даулетбекқызы Ризагуль атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2023-09-08» жыл № 10632399-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 699 278.00 (алты жүз тоқсан тоғыз мың екі жүз жетпіс сегіз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);



4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 20 978.34 ((жиырма мың тоғыз жүз жетпіс сегіз тенге отыз төрт тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 20 978.34 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;



5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.



3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;



3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.



7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайда осы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы қызмет көрсетілген жолымен Шарт Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.



шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрлігінің "Балдәурен"
республикалық оқу-сауықтыру орталығы"
республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны
Акмолинская область, Бурабайский
район, г.Щучинск, Территория БЕРЕГ
ОЗЕРА ЩУЧЬЕ, ЮГО-ЗАПАДНАЯ ЧАСТЬ,
7
БСН 001140001965
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ586010321000057141
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: +7 705 550 8936 Еркеш Каиртасович
Бас директор Алибаев Сержан
Тулеметович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
ИП "ДАРИ"
г.Астана, Проспект АБАЙ, 92/1
БСН/ЖСН 880928450852
БСК CASPKZKA
ЖСК KZ63722S000001145442
"KASPI BANK" АҚ
Тел.: 87026888839
Басшысы Даулетбекқызы Ризагуль

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ө. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 10632399-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2023 қаржылық жыл												
58955926-ОИЗ	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Майлық	техникалық, микрофибрадан	Тазалауға арналған майлықтар. Жұмсақ және берік материал, суды жақсы сіңіреді, оны кез-келген тұрмыстық жуғыш заттармен қолдануға болады. Кез келген беттерді құрғақ және дымқыл тазалау үшін қолайлы. Оңай сығылады, тез кебеді, жағымсыз иістерді сіңірмейді.Түрі: майлықтар жиынтығы.Түсі: Сары. Негізгі мақсаты: әмбебап, еден үшін, терезелер үшін, жиһаз үшін, әйнек үшін, сантехника үшін, плиткалар үшін	Дана	192	230.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (192)	0	44 160.00



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2023 қаржылық жыл												
61583291-ОИ6	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Бұрып жіберу	полипропиленді, диаметрі 50 мм	("Бұрма") 50 ппр 50.35 макс. қысым-бар 25. Макс. жұмыс температурасы 90 c° . Қосылу диаметрі-мм 50. Бұру бұрышы - 90 ° . Бұру диаметрі-мм 50. Дәнекерлеуге арналған қосылыс. Материал полипропилен. Арматураның мақсаты-полипропилен құбырлары үшін. Фитингті қолдану-су бұру, сумен жабдықтау, кәріз.	Дана	10	300.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (10)	0	3 000.00
2023 қаржылық жыл												
61582373-ОИ5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Сумен жабдықтауға арналған құбыр	полипропилендік, диаметрі 10-50 мм	Құбыр 25. Түрі: полипропилен құбыры. Ұзындығы 2 м. диаметрі 50 мм. Максималды қысым-20 бар. Материал Полипропилен. Максималды Жұмыс температурасы 90 °С. Түсі Ақ	Метр	20	1 250.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (20)	0	25 000.00
2023 қаржылық жыл												



61382403-ОИ4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Орындық	ағаш қаңқа, қаптаусыз, арқасыз	Гимнастикалық орындық 250х23х30см. орындық-жоғарғы және төменгі тақталардан тұратын құрама құрылым. Тақталар бір-біріне үш тіректің көмегімен қосылады. Тіректер ағаш немесе металл болуы мүмкін. Ағаш бөлшектер жиһаз лакпен, ал металл бөлшектер эмальмен қапталған. Төңкерілген кезде орындық стандартты ені бар гимнастикалық жаттығу бөренесі ретінде пайдаланылады. Өлшемдері: ұзындығы-2000 мм, 2500 мм, 3000 мм, 3500 мм. ені-230 мм. биіктігі-300 мм.	Дана	4	18 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (4)	0	72 000.00
--------------	--	---------	--------------------------------	--	------	---	-----------	---	---	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл

58955965-ОИ4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Швабра	тұрмыстық, ағаш	Ағаш сүрткіш, тұтқасы - 1300 мм. Ылғалды және құрғақ тазалауға арналған классикалық ағаш сүрткіш. Тұтқа жылтыратылған, алақанда сынық қалдырмайды. Ұзын тұтқа тіпті жету қиын жерлерде де тазалауға мүмкіндік береді. Өлшемі 1300 мм. негіздің ұзындығы 30-35 см	Дана	15	840.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (15)	0	12 600.00
--------------	--	--------	-----------------	--	------	----	--------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл



60688980-ОИ7	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Магниттік қосқыш	реверсивті, номиналды ток 125 А артық емес	ПМЛ-31 60 ДМО*4Б Стартер (55А қуырғыш)	Дана	5	5 000.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (5)	0	25 000.00
--------------	--	------------------	--	--	------	---	----------	--	--	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл

60695121-ОИ5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Детектор	жасырын желі	MS6906 жасырын сым детекторы. "3-тен 1" Детектор металл, ағаш, электр сымдары. Анықтау: нәтижені 1.7 дюймдік СКД дисплейінде және дыбыстық сигналда көрсету. Айнымалы кернеуді анықтау: иә. Металды анықтау: иә. Толық автоматты жұмыс режимі. Автоматты түрде өшіру. Төмен батарея көрсеткіші. Өлшемі (мм): 160*74*42. Батарея Түрі: 9в. салмағы: 154г	Дана	1	23 000.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (1)	0	23 000.00
--------------	--	----------	--------------	---	------	---	-----------	--	--	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл



58904799-ОИЗ	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ұнтақ	кір жуатын, әртүрлі маталардан жасалған бұйымдарға арналған	Кір дақ кетіргіш 600 гр., 5% фосфаттар, иондық емес баз, натрий силикаты, поликарбонаттар, ТАЭД, фосфонаттар, ферменттер, оптикалық ағартқыш, хош иісті қоспа, 5-15% анионды баз, 15-30%, құрамында оттегі бар ағартқыштар. 25°C - 30°C температурада күрделі дақтарды (кофе, какао, шай, сүт, қан, шөп, жеміс, тұздық, тер, май) тамаша және жылдам кетіреді. жууға арналған жуу. Дақ кетіретін ұнтақ нәзік тіндердегі қатты дақтарды мұқият кетіреді, өйткені құрамында хлор жоқ. Кір жуғыш машинаның элементтерін қақ пен әктастан қорғайды	Бума	156	1 088.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (156)	0	169 728.00
--------------	--	-------	---	--	------	-----	----------	---	---	---	---	------------

2023 қаржылық жыл

61587582-ОИ5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ысырма	қоса салынатын	қақпа клапаны 100 мм шар. Қосылу түрі фланецті. Пайдаланушы сипаттамалары: диаметрі DN мм: 100. Сына: шойын (GGG40) және EPDM. Шойын корпусы (GGG40) жұмыс температурасы T, °C, макс: 110 жұмыс қысымы P, бар, макс: 16 бар. Өзек тығыздағышы: кремний. Арматураны басқару: көміртекті болат штурвал. Сабак: тот баспайтын болат (SS420)	Дана	4	12 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (4)	0	48 000.00
--------------	--	--------	----------------	--	------	---	-----------	---	---	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл



61586035-ОИ5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тазарту құралы	тотқа қарсы, сұйықтық	Тот пен минералды шөгінділерді кетіруге арналған құрал жұмсақ. Концентрат. 5л. түрі жуынатын бөлме мен дәретханаға арналған тазартқыш. Өнімді шығару формасы Гель. Қолдану ерекшеліктері. Концентрат. Тауардың салмағы, г 5000	Дана	10	5 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (10)	0	50 000.00
--------------	--	----------------	-----------------------	--	------	----	----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл

61585377-ОИ5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Жалғастырғыш тетік	полиэтиленді, құйылған, өлшемі 110*90 мм	Ф90-да қара Ф110 бұрандалы суару адаптері.3/4 Штуцер (қосқыш - адаптер) 110х90 мм - 1 дана.90х70 мм кілті бар қысқыштар-2 дана. Материал полипропилен. Өлшемдері. Кіру диаметрі, дюйм 3/4". Шығу диаметрі, дюйм 3/4". Түрі. Шланг-шланг адаптері, қосқыш, шланг адаптері. Түсі ақ	Дана	5	9 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (5)	0	45 000.00
--------------	--	--------------------	--	---	------	---	----------	---	---	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл



61581545-ОИ6	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Вентиль	шарлы, полипропиленді, шартты диаметрі 50 мм дейін	клапан 50. Пластикалық шар клапаны (жез шармен) 50 мм. Клапандағы ағынның бағыты тікелей. Дәнекерлеу түрі. Тығыздау класы с. Материал жез. Орнату әдісі көлденең / тік. Жабу никель. Қолмен жетек. Түсі сұр және ақ. Максималды жұмыс қысымы 25.0 бар. Корпус материалы Полипропилен. Максималды Жұмыс температурасы 95.0 градус. Екінші ұшының бұранда диаметрі: 50. Қақпаның түрі шар тәрізді. Қол жетегі. Тұтқа тұтқасы. Бірінші бұранда диаметрі: 50. Шартты өту: 50.0 мм. Ең төменгі жұмыс температурасы 6. Қашықтан басқару пульті жоқ. Байланыс түрі: ішке дәнекерлеу. Кранның диаметрі 25	Дана	10	1 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (10)	0	10 000.00
--------------	--	---------	--	---	------	----	----------	---	---	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл

61410132-ОИ6	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ваза	тасты керамикадан	Сәндік вазалар. Түрі: ваза. Орналастыру: үстел үсті. Материал: керамика. Биіктігі: 70 см. түсі: түрлі-түсті	Дана	5	10 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (5)	0	50 000.00
--------------	--	------	-------------------	---	------	---	-----------	---	---	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл



61388513-ОИ6	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Топырақ	әмбебап	Топырақ гүлдер үшін әмбебап. Құрамы шымтезек, ойпатты шымтезек, құм, әктас (доломит) ұны, микроэлементтері бар күрделі минералды тыңайтқыш. Қаптама 25 кг полиэтилен пакеті.	Бума	25	1 300.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (25)	0	32 500.00
--------------	--	---------	---------	--	------	----	----------	--	--	--	---	-----------

2023 қаржылық жыл

60689937-ОИ7	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ауыстырып-қосқыш	тұрақты және ауыспалы тоқ электр тізбектерінің коммутацияларына арналған, жедел әрекетті, SMTS-101 сериясы	PML қосқышы 1623(25A)380w	Дана	5	8 000.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (5)	0	40 000.00
--------------	--	------------------	--	---------------------------	------	---	----------	--	--	---	---	-----------

2023 қаржылық жыл

61389064-ОИ6	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Фреза	дискті	Ағаш дискісі 125. Жабдықтың тістері карбидті дәнекерлеулермен жабдықталған және дайындамаларды сапалы аралау үшін арнайы қайрауға ие. Сыртқы диаметрі 125 мм. отырғызу диаметрі 20 мм. дискінің мақсаты ағаш. Диск тістерінің саны 48	Дана	10	950.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (10)	0	9 500.00
--------------	--	-------	--------	---	------	----	--------	--	--	--	---	----------

2023 қаржылық жыл



58955859-ОИ4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Щетка	жинау үшін	Терезелерді тазалау үшін. Тікелей кесу әсіресе терезелерді жууға ыңғайлы. Шыны тескіштің тұтқасында орналасқан икемді түйін кез-келген күрделі пішіндегі және қол жетпейтін жерлерде әйнектерді жуу үшін ыңғайлы көлбеу бұрышын таңдауға мүмкіндік береді. Шыны жуғыштың жұмыс жазықтығының ені кемінде 25 см, терезелерді, витраждарды жуу үшін оңтайлы.	Дана	10	2 229.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (10)	0	22 290.00
2023 қаржылық жыл												
62127560-ОИ4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ваза	шынылы керамикадан	Түрі: ваза. Баспласт ваза 42.5 см М6432, пластик. Орналастыру: үстел үсті. Материал: пластик. Биіктігі: кемінде 42.5 см. диаметрі: кемінде 20 см. ені: кемінде 20 см.мөлдір емес. Түсі: ақ.	Дана	5	3 500.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Қарағанды облысы, Балқаш қ. "Ақ тас" бау-бақша қоғамы, 61 Құрылыс (5)	0	17 500.00



Договор о государственных закупках товаров

Акмолинская область

№1050

Республиканское государственное казенное предприятие "Республиканский учебно-оздоровительный центр "Балдаурен" Министерства просвещения Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Генеральный директор Алибаев Сержан Тулеметович, действующий на основании Устава, с одной стороны и ИП "ДАРИ", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Даулетбекқызы Ризагуль, действующий на основании талон, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2023-09-08 года № 10632399-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

